

1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 312 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. 1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттамаға қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 21 мамырдағы
№ 312 қаулысымен
мақұлданған

Жоба

1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар 1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысы тоқтатылды деп санайды.

2-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесі рәсімі қағидаларының 7-қағидасының 9-тармағында белгіленген тәртіппен орыс тілінде жасалды.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін	Молдова Республикасының Үкіметі үшін
Армения Республикасының Үкіметі үшін	Ресей Федерациясының Үкіметі үшін
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін	Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін
Грузия Үкіметі үшін	Түрікменстан Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін	Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін	Украина Үкіметі үшін